<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сұрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b>				
<b>Бесінас</b>	Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. <b>(математика негіздері)</b> Балалардың таңдауы бойынша ермексаздың түсін таңдап үй жасату, үйлерді, ағаштарды жолдарды фланелеграфта жапсырту. <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b>  Ірі құрылыс материалдардан үй құрастырту. <b>(құрастыру)</b></p>	<p>Өдері жасаған ағаштарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту <b>(Математика негіздері)</b></p>	<p>Топтағы ойыншықтарды үлкені кіші екенін анықтап салыстыруды пысықтау. <b>(Математика негіздері)</b>  Су бұрқақтың мүсін жасау, суды қағаздардан қиып аяп жапсырту. <b>(Мүсіндеу) (Жапсыру)</b></p>	<p>Ойыншықтарды пайдаланып, ойдан ертегі шығарып, біреуіне айтып беруін дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Кітаптардан ертегілерді қарату. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасату. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсырту <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b></p>
<p><b>Балалар мен жеке жұмыс</b></p>	<p>Күз мезгілінің белгілерін үйрету</p>	<p>Күз айларын атауға үйрету</p>	<p>Күзгі киім үлгілерін білуге үйрету</p>	<p>Күз мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру</p>	<p>Күз мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы баяндауға үйрету</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер</p>	<p>Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауын дамыту.  Балалардың дербес әрекеттері  Көңілді ән қосып, дене қыздыратын би билету <b>(музыка)</b></p>	<p>Кітаптан ертегі қарату. <b>(көркем әдебиет)</b> Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».  Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар</p>	<p>Желді, құстарды бақылату. Өзгешеліктерді байқату. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b> Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»</p>	<p>Қ/О «Сақина жасыру»  Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар  Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Қаланың көрікті жерлеріне серуенге шығуды ұсыну. Апта бойы жасаған іс әрекеттер бойынша ақпарат беру.</p>				

## ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ

### Қараша айы (ленталармен)

I. Жүру, қолды алға созып жүру, қояды белге қойып, аяқтың ұшымен жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып түру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулары:

1. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол төменде,

1-қолды алға созу, 2-қолды айқастыру, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

2. Бастапқы қалып; аяқтың арасы ашық қол төменде.

1-қолды жоғары көтеріп, 2-оңға қарай сермеу,

3- солға қарай сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

3. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол төменде.

1-отыру, 2-орнынан тұрып, қолды жоғары көтеру, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

4. Аяқты алмастырып секіру. 7-8 сек.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

## ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

### Қоян мен қасқыр (*Тәрбиеші балалармен бірге*)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

### Тырналар-тырналар

(*Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады*)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тұра қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

### **Тышқандар мен мысық.**

#### ***Балалар — тышқандар.***

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

### **Шыбыққа қалпақ кигізу**

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

### **Өз түсіңді тап.**

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

### **Ақ доп, қызыл доп**

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

### **Поезд**

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

### **«Допты дәлдеп лақтыр»**

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға ( дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

### **«Күміс алу»**

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

### **«Не жедің, тауып айт»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

### **«Торғайлар мен автомобиль»**

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

### **Құстардың ұшып келуі**

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

### **Сақина жасыру**

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

### **Қуыр-қуыр қуырмаш.**

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.: басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусакты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр ,қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

### **Дидактикалық ойындар картотекасы**

#### **«Өзара айырмашылығын тап»**

1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

### «Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.

Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

### «Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

### «Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

### «Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

## Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

### Желтоқсан айы 2023 жыл 1 апта

Күнтәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.12.2023.	Сейсенбі 05.12.2023	Сәрсенбі 06.12.2023	Бейсенбі 07.12.2023	Жұма 08.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйінді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік, эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарына да мұның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету.</p> <p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.</p> <p>Өнер орталығында сурет салу, бояу, суретті кітапшаларды бояу, қарату.</p> <p>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары</p> <p>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Балалармен жеке жұмыс.</b></p>				
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p>Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жаттығуларды орындату</p> <p><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b></p>				
<p><b>Таңғыас</b></p>	<p>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтауға жеттігін білуді жетілдіру. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b></p> <p>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Шаттық шеңбер.</p> <p>Ау, балалар, балалар!</p> <p>Айналаға қараңдар!</p> <p>Биыл тәтті қыс болды,</p> <p>Бұл бір сәтті іс болды.</p> <p>Ақ бұлт бүркеп аспанды,</p> <p>Шекер жауа бастады.</p> <p>Бұлқысқандай тамаша!</p> <p>Ө. Табылды тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін түсіндіру. Терезеге қарап ауа райын бақылау.</p> <p>«Қыс мезгілі туралы не біледі?» «Қыста не болады?» тақырыбында балалармен әңгімелесу.</p> <p>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Жуан және жіңішке түбірсе әдерді ажырату, оларды көп шет түрде қолдануға үйрету. Бұйрықрайлы етістіктерді жеке лей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Жүру. Сапта бір- бірден, екеуден (жүппен) жүру; еденге қойылған заттардан аттап жүр (3-4 жас)</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. (1,5-2 жас)</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқынды (жылдам-баяу) байқау. (3-4 жас)</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. (1,5-2 жас)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Қырлы тақтайдың бойымен жүру; (3-4 жас)</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. (1,5-2 жас) бекіту</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру; (3-4 жас)</p> <p>Қимылды ойындар. (1,5-2 жас)</p>

	<p>Таныскітаптардағы қыс мезгілінің суреттерін балалармен бірге қарау, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, бір-бірінің пікірлерін тыңдауды жетілдіру.</p> <p><b>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> <p>Домалақ қар түіршіктерін салуды жетілдіру</p> <p><b>(Сурет салу)</b></p>	<p>Кітаптан «Қар ханшайымы» ертегісін оқып беру. (жартысын түстен кейін оқу)</p> <p>Суреттерін көрсету.</p> <p>Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Суық жылы, қыс жаз.</p> <p><b>(Сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Ермек саз кесектері алақандарын ынарасында домалату, сәу, жау тәсілдері арқылы қар ханшайымының таяғын мүсіндету</p> <p><b>(Мүсіндеу)</b></p> <p>Ханшайымды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту.</p> <p><b>(Жапсыру)</b></p>	<p>Топтың ішінен бірнеше бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру</p> <p><b>(Математика негіздері)</b></p> <p>Әр түрлі ойын құралдарынан қамал құрастыру.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p><b>(Құрастыру)</b></p>	<p>Ғажайып қоржын. ішінен әр түрлі заттарды аладырту. Оларды арнайы қораптарға саладырту негізінде.</p> <p>заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен атауды жетілдіру.</p> <p><b>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.</p> <p><b>(Құрастыру)</b></p>	<p>«Қар ханшайымы» ертегісі туралы не білетіндерін естеріне түсіру, мультфильмін көрсету.</p> <p>Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету.</p> <p><b>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша аққала немесе қар түіршіктерін ермек саздан жасату.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> <p><b>(Мүсіндеу)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету;</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b>.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				
<b>Серуен</b>	<p>Ауа-райының жағдайынан анықтау (суық, жылы, салқын), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.</p> <p><b>(Қоршаған ортамен</b></p>	<p>Балабақша ауласынан бірнеше бірнеше затты табу, салыстыруды жасату.</p> <p><b>(Математика негіздері)</b></p> <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, қардан аққала құрастыруды үйрету.</p>	<p>Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.</p> <p>Ұшып өткен самолетті, құстарды бақылату.</p> <p><b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Аяқ киімдерінің іздерін бақылау. Өз іздерінен жол салу.</p> <p><b>(Сурет салу)</b></p>	<p>Серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет етуді дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Қ/о «Тырнарлар»</p>	<p>Құстарды бақылату. Ауа райы туралы өз бетінше айту дағдысын қалыптастыру</p> <p><b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Қарға жатып, аяқ қолдарын қимылдатып, өздерінің қарға түскен пішіндерін тамашалату.</p> <p><b>(Сурет салу)</b></p>

	<p><b>таныстыру)</b></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Өз үйінді жылдам тап»</p> <p>Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар</p>	<p><b>(Кұрастыру)</b></p> <p><b>Қимылды, еркін ойындар</b></p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Күміс алу»</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанаменсырғанау.Шанамен бір-бірінсырғанату;биікеместөбеден сырғанау.</p>		
<b>Серуенненоралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киюге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі оқшылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.</p> <p>Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес ойын әрекеті</b>).</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b>)</p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. (<b>көркем әдебиет</b>)</p>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киюге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі оқшылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тарақты және қолорамалды пайдалануды үйрету. (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>).</p>				
<b>Бесінас</b>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b>)</p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарының тауды қолдарын үстелдің үстіне және астына жасыру бойынша ойнату. (<b>Математика негіздері</b>)</p> <p>Балаларды орталықтарға</p>	<p>«Қар ханшайымы» ертегісінің жалғасын оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. (<b>Көркем әдебиет</b>)</p>	<p>«Қаладағы қыс» Қыстың аппақ қаламы Ағартыпты қаланы. Аялап жүр аяз кеп, Ауладағы баланы. Соғып үлкен аққала, Соған мәз боп, Шаттана, Асырсап жүр</p>	<p>Ұжымдық жұмыс. Қыс мезгілі. Ақ қағазға бірнеше баладан бөлініп, дайын пішіндерді жапсырып, қардың суретін салу. (<b>сурет салу, жапсыру</b>)</p>	<p>Қар ханшайымы ертегісіндегі Кай мен Герданы фланелеграфқа орындарын тауып жапсыру. (<b>Жапсыру</b>)</p> <p>Кай мен Гердаға әдемі үй құрастыру.</p>

	<p>бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Қар түршігінің мүсінін ермексаздан жасату <b>(Мүсіндеу)</b></p> <p>Фланелеграфқа қыс мезгілінің көрінісін бейнелейтін белгілерін жапсырту. <b>(Жапсыру)</b></p>	<p>Дөңгелек пішінді қарды бейнелеу.</p> <p>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынғанартық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызыпжіберіп бояуды үйрету. <b>(Сурет салу)</b></p>	<p>алаңда Қаратысыптопбала Өлендітындайбілуге тәрбиелеу. Не туралы айтылғанын сұрау. Терезеден аққаланы көрсету. Аққала туралы не білетінін айтқызу. <b>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Бірінші топ балаларына аққаланың мүсінін ермексаздан жасату екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп аққала жапсырады <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b></p>	<p>Топтан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбыменөлшемібойынша (ұзын-қысқа,биік-аласа,артық-кем)салыстыруды үйрету <b>(Математика негіздері)</b></p>	
<b>Балаларменжекежұмыс</b>	Ильясқа кеңістікті бағдарлауды үйрету.	Айшаға суреттердің Көмегімен әңгіме құрастыруды үйрету.	Балалармен «аққала» әнін жаттау	Аруназға ұзын қысқа ұғымын түсіндіру.	Амираға мүсіндеу барысындағы қауіпсіздікті түсіндіру.
<b>Серуенгедайындық</b>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оңбағалаужәнеөзін-өзібағалауын дамыту.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p>Қармен әр түрлі құрылымдар құрастырту. <b>(Құрастыру)</b></p> <p>Қ/о «Кім жылдам?»</p>	<p>Ауа райын бақылау, күннің кешке қарай суытатынын түсіндіру. <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Қ/о «Тырналар»</p>	<p>Қ/о «Поезд»</p> <p>Далада қардың асытына, ағаштың түбіне әр түрлі заттар жасыру. «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату.</p>	<p>Қ/о «Кім жылдам?»</p> <p>Көңілді музыкаға, еркін би кимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру <b>(музыка)</b></p>	<p>Далаға шығып сәлден соң қараңғы болатынын айту. Қарама-қарсытәулікбөліктерінбағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,таңертең-кешке. <b>(Математика негіздері)</b></p> <p>Қ/о «Тырналар»</p>

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру				

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

#### Желтоқсан айы 2022 жыл 2 апта

Күнтәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.12.2023	Сейсенбі 12.12.2023	Сәрсенбі 13.12.2023	Бейсенбі 14.12.2023	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылаудағыларын қалыптастыру. <b>Балалармен жеке жұмыс.</b> Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.				
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)</b> . Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b> Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. «Бала балақан» видео Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Қазақстан туралы не білесіңдер?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айтуды және түсінуде дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; еденге қойылған заттардан аттап жүру (3-4 жас) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. (1,5-2 жас)</p>	<p><b>Музыка</b> Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу) байқау. (3-4 жас) Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. (1,5-2 жас)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Тепе-теңдікті сақтау. Қырлы тақтайдың бойымен жүру; (3-4 жас) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. (1,5-2 жас) бекіту</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру; (3-4 жас) Қимылды ойындар. (1,5-2 жас)</p>
	<p>Видео материал көру Қазақстан дегеніміз не? Сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуді жетілдіру <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Ішінен көк түсті тану. Туда бейнеленген күнді салуды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. <b>(Сурет салу)</b></p> <p>Құрылыс заттарынан күн бейнесін құрастыру <b>(Құрастыру)</b></p>	<p>Қазақстанды мекендейтін ерекше жануарлар туралы мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> <p>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылаудағы дұрыс арын қалыптастыру. <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p>	<p>«Менің қалам, балабақшам» тақырыбында әңгімелесу. Кітаптардан суреттер карау. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> <p>Фланелеграф тақтасына үйдің және балабақшаның заттарын тауып жапсырту. <b>(Жапсыру)</b></p>	<p>Кітаптан балалардың сұраныстары бойынша ертегілер оқып беру. Көрген ертегілерінен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> <p>Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанын ақою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету <b>(математика негіздері)</b></p>	
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет етуде дағдыларын қалыптастыру Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Ауа-райының жағдайынан ыңғау (суық, жылы, ыстық), табиғатта маусымдық құбылыстарын бақылату</p>	<p>Құстарды ауызша санату. Үлкен кіші екенін салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс</p>	<p>Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және</p>	<p>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын</p>	

	<p>күнтізбесінде жылдың күзгімезгілдеріндегі ауа-райыныңжай-күйінбелгілету. <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p><b>Отан</b> Отан деген-атамекен, Отан деген-туған жер. Отан-ана Отан-үлкен. Қазақстан – туған ел. Е.Өтетілеуұлы <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара айырмашылығын тап» атты қимылды ойынын ойнату</p>	<p>ұяларын салыстыру ды ұйымдастыру. <b>(математика негіздері)</b> Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»</p> <p>Қарда аяқ киімнің іздерімен жол салу, ағаштардың қарын түсіру.</p>	<p>атату - таңертең, күндіз, кеш, түн. <b>(математика негіздері)</b></p> <p>Туғанөлкеніңкейбірөсімдіктерітуралықарапайы мтүсініктердікалыптастыру. Қыстағы ағаштардың бейнесі туралы ақпарат беріп бақылау. <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b> <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанаменсырғанау.Шан аменбір-бірінсырғанату;биікемес төбеден сырғанау.</p>	<p>білдіреотырып,өзініңтуғанжеріне,отанынадегенсүйіспеншіліксезімінояту. <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Поезд»</p> <p>Қардан қарапайым құрылыстар құрастырту. <b>(құрастыру)</b></p>	
<b>Серуенненоралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</b>				
<b>Түскіас</b>	Түскіасалдындагигиеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссұрту, орамалдыілу <sup>көркемсөзқолдану</sup> Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою) Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану, сөйлеспеу, алғысайту) Асшұқұралдарыорнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Күндізгіұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру <b>(көркем әдебиет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b> Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,тістітазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтардыбайқауға,олардыересектіңкөмегіменнемесеөзбетіншпереттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b>				
<b>Бесінас</b>	Қолдарын жуу, құрғатып сұрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b> Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Туды көрсету оның көлемі түсі пішіні туралы айту. «Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. <b>(математика негіздері)</b></p> <p>Күннің мүсінін жасату. <b>(Мүсіндеу)</b></p> <p>Көк параққа күнді жапсыру. <b>(Жапсыру)</b></p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы жануарлардың суреттерін бояу, тұзды қамырды пайдаланып жануар мүсінін жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден жануарларды жапсырту. <b>(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)</b></p>	<p>Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету <b>(Құрастыру)</b></p> <p>Ермексаздан ағаштың мүсінін жасату. Ағаштардың суретін бояу. <b>(Сурет салу) (Мүсіндеу)</b></p>	<p>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу Ермексаздан жануарлар жасап орманға орналастыру. Менің Қазақстаным тақырыбында композицияны фланелеграфта жапсырту <b>(Мүсіндеу) (Жапсыру)</b></p>	
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Ильясқа кеңістікті бағдарлауды үйрету.</p>	<p>Айшаға суреттердің көмегімен әңгіме құрастыруды үйрету.</p>	<p>Балалармен «аққала» әнін жаттау</p>	<p>Аруназға ұзын қысқа ұғымын түсіндіру.</p>	<p>Амираға мүсіндеу барысындағы қауіпсіздікті түсіндіру.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар Қ/о: Қоян мен қасқыр</p>	<p>Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрастырғызу. <b>(құрастыру)</b> Қ/о: Тырналар-тырналар</p>	<p>Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық</p>	<p>Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. <b>(музыка)</b> Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»</p>	
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Балалармен тазалық туралы әңгімелесу. Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру.</p>				

**Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы**

**Желтоқсан айы 2023 жыл 3 апта**

<b>Күнтәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 18.12.2023</b>	<b>Сейсенбі 19.12.2023</b>	<b>Сәрсенбі 20.12.2023</b>	<b>Бейсенбі 21.12.2023</b>	<b>Жұма 22.12.2023</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. <b>(сөйлеуді дамыту).</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.				
<b>Таңғыс</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүргіну. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. ( <b>көркем әдебиет</b> ) «Қысқы ойындар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандату, ережелер туралы келісу және т. б. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Қазақ тілі</b> Бұйрықрайлы етістіктерді және екеуі қолдануға баулу (бар, кел, айт).	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Жүру.</b> Сапта бір- бірден, екеуден (жүппен) жүру; еденге қойылған заттардан аттап жүру (3-5 жас) Белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның	<b>Музыка</b> <b>Музыка тындау.</b> Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу) байқау. (3-5 жас) Кейіпкерді	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Қырлы тактайдың бойымен жүру; (3-5 жас) Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Жүгіру.</b> Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру; (3-5 жас) Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі

		бойымен жүру.(1,5-2жас)	иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. (1,5-2жас)	қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. (1,5-2жас)	қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. (1,5-2жас) <b>Музыка</b> <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). (3-5жас)
	Терезеге қарап қай мезгіл екенін қандай белгілері арқылы тануға болатынын атату. Қар мұз туралы не білетіндерін сұрау. Суреттермен даладағы табиғатты салыстыру. Кітаптардан қыста ойнап жүрген балалардың суретін көрсету. Қар түйіршіктерін нысанға лақтыруға болатынын айтып, доптарды себетке лақтырып ойнау. қағаздарды умаждап қар түйіршіктерін жасату. Оны да себетке дәлдеп лақтыру. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, құрастыру)</b>	Қыста қандай ойындар ойнауға болады? Балалардың ойын тындау, суреттер арқылы ойын түрлерімен таныстыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ойын құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b>	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Тандаған ойыншығының <b>(суретін салу және жапсыру, мүсіндеу)</b> жұмыстарын орындату  Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Қандай ойындар ойнауға болатынын сұрау. Дауыстарынан тану. Еркін ойындар ұйымдастыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту ла-ла-лаАрман жақсы бала, қа-қа-қаБакылдайды бақа. Тіл ұстарту жаттығуын жасату <b>(сөйлеуді дамыту)</b>  Қуыршақтармен ойын. Әлдилеу, тамақтандыру, ұйықтату. Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту. <b>(сурет салу, мүсіндеу).</b>	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.Қоржындағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржыннан алған ойыншықтың сыңарын тапқызу. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>

<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> .				
<b>Серуен</b>	Қысқа ауа райын бақылау. Қар түйіршіктерін жасау. Себетке дәлдеп лақтыру. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b>  Еркін ойындар  Қ/О «Поезд»	Балаларды ересектердінен бөліп бақылау негізінде еркін әрекетіне ынталандыру. Аула тазалаушы мен бақташыға көмектесу. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b>  Қардан доп құрастыру, нысанға дәлдеп лақтыруын үйрету. <b>(құрастыру)</b>  Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер  Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық» Кеңістікті бағдарлауға арналған «жүгір», «ұста», «тұр» белгілерін есәйкес әрекет етуге үйрету	Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбие негізінде балалардың назарына дағдыларды жеткізуге (мейірімді, жанашыр) аудару. Екі аюдың таласып қалғанын көрсету. Олардың орнында болғанда не істер едік, сұрау. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b>  Еркін ойындар.  Құрастыру материалдарымен достық үйшігін жасату. <b>(құрастыру)</b>  Қ/О «Поезд»	Қарға түскен іздерді салыстыру. Ересек адамның ізі үлкен, балалардікі кішкентай, жануарлардікі қандай болады. Лупамен қарап, із кезуші ойынын ойнау. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</b> Еркін ойындар  Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»	Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру, бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру әрекеттерін жасату <b>(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</b> Қардан доп жасау, оны домалатып, ұшырып көру. Доп пен қардан жасалған допты салыстыруды ұйымдастыру. <b>(құрастыру)</b> Еркін ойындар  Қ/О «Поезд»
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)</b> .				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілукөркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдірсу, мөлдірсуға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				

<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру <b>(көркем әрекет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайына ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b> .				
<b>Бесінас</b>	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Бүгінгі ойнаған ойындары ұнады ма сұрау. Ермексазбен қар түйіршіктерін жасау. Карандаштармен суретін салу. <b>(сурет салу, мүсіндеу)</b>	«Не дәмді?» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b>  Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауына : күндіз-түнде, таңертең-кешке жағдай жасау <b>(Математика негіздері)</b>  Жеке жұмыстарын нұжымдық композицияларға біріктіруді дағдыларын қалыптастыру. Ермексаздан жасалған қар түйіршіктерін біріктіріп қамал жасату. <b>(Мүсіндеу)</b>	Балабақша ауласында мекендейтін жануарлар туралы айту, көрсету. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау <b>(Математика негіздері)</b>	Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету. <b>(жапсыру)</b>  Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық <b>(көркем әдебиет, музыка)</b>  Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. <b>(құрастыру)</b>  Еркін іс әрекеттер	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға абаулу. Фланелеграфта сүйікті ойын құралдарын жапсырту. Ойыншықтарының суретін бояту <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b>  Еркін іс әрекеттер
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Ильясқа тәулік бөліктерін бағдарлауға үйрету.	Айшамен геометриялық пішіндерді қайталау.	Амирамен қайшымен қию жұмыстарын жүргізу.	Аруназға қайшымен жұмыс барысында	Айшамен геометриялық пішіндерді қайталау.

				қауыпсіздік ережесін сақтауды ұғындыру.	
<b>Серуенгедайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	Бігінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау <b>(көркем әдебиет)</b>  Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Баласының қысқы ойындар туралы не білетінін сұрау. Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну				

**Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы**

**Желтоқсан айы 2023 жыл 4 апта**

<b>Күнтәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 25.12.2023.</b>	<b>Сейсенбі 26.12.2023</b>	<b>Сәрсенбі 27.12.2023.</b>	<b>Бейсенбі 28.12.2023.</b>	<b>Жұма 29.12.2023.</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Жаңа жылдық ертеңгіліктегі қауіпсіздік шаралары мен ережелерді таныстыру.				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Айшамен төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелеп үйрету	Нұрдаулетпен сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытуға дағдыландыру	Ильяспен бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларын үйрету	Амирамен әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп үйрету.	Аруназбен көкөністер-жемістердің, ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салғызуға үйрету
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Балаларға ойыншық көлік түрлерін алып еркін ойынауына мүмкіндік беру. Қ/о: Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. <b>(құрастыру)</b> Қ/о: Тырналар-тырналар	Аулада тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. <b>(музыка)</b> Қ/о: «Допты дәлдеп лақтыр»	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру.				



**Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы**

**Ақпан айы 2024 жыл 3 апта**

<b>Күнтәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 12.02.2024.</b>	<b>Сейсенбі 13.02.2024.</b>	<b>Сәрсенбі 14.02.2024.</b>	<b>Бейсенбі 15.02.2024.</b>	<b>Жұма 16.02.2024.</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. <b>(сөйлеуді дамыту).</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жасерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)</b> Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. <b>(көркем әдебиет)</b> «Қысқы ойындар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Қазақ тілі</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға	<b>Денешынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	<b>Музыка</b> Музыка тыңдау: Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық	<b>Денешынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	<b>Денешынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:

жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.	бұрылып, заттарды айналып жүру; Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, Тұрғанорнындақосаяқпен секіру. Қимылды ойын: Поезд	шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйренеді.	бұрылып, заттарды айналып жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; Тұрғанорнындақосаяқпен, 2- Зметрқашықтыққа алға қарай жылжып секіру. Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі	бұрылып, заттарды айналып жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; 2- Зметрқашықтыққа алға қарай жылжып секіру. Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау
	Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін пысықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ойын құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b>	Балалардың қалауы бойынша қысқы табиғат көріністерін кітаптардан қарап Ересектердің басқаруымен қысқы көріністерді кітаптардан қарап таңдағанының <b>(суретін салу, жапсыру, мүсіндеу)</b> жұмыстарын орындату  Отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету және әрекеттерін сахналауға баулу <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	«Өзара айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны арқылы Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту <b>(сөйлеуді дамыту)</b>  Үй жануарларына (қой, ешкі, сиыр) күтім жасау тамақтандыру, су беру сипып аялау негізінде олар жейтін көрек түрінің <b>суретін бояу (сәбіз, көкөрам) және мүсіндеу</b>	«Ғажайып қоржын» ішінен алған заттың атын атау топ ішінен сыңарын табы. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>

<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b>.</p>				
<b>Серуен</b>		<p>Ересектердің еңбегін бақылау</p> <p>Аула тазалаушыға көмектесу.</p> <p><b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Қардан қалашық құрастыру, одан асырып қар түйірлерін нысанға дәлдеп лақтыруды жасату.</p> <p><b>(құрастыру)</b></p> <p>Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер</p>	<p>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру</p> <p>Аю мен қоян тіршілігін таныстыру</p> <p><b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар.</p> <p>Құрастыру материалдарымен достық үйшігін жасату.</p> <p><b>(құрастыру)</b></p>	<p>Балабақшадағы аспазшы еңбегімен таныстыру.</p> <p>Тағам түрлерінен дәм татып сипаттауды үйрету.</p> <p>Асханадағы үлкен кіші табақтарды тамашау, салыстыру</p> <p><b>(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p>	<p>Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру оларды жасырып қайда екенін таптырту. Тапқан ойыншықтарды бойына қарай сөреде. солдан оңға қарай орналастыру.</p> <p><b>(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</b></p> <p>Қардан доп жасау, Доп пен қардан жасалған допты салыстыру.</p> <p><b>(құрастыру)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қ/О «Поезд»</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)</b>.</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орнамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орнамалды ілкімді көрсөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдірсү, мөлдірсүға қолыңды жу»</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспену, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру <b>(көркем әрекет)</b></p>				

<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Шынықтыру шараларын жүргізу де балалардың денсаулық жағдайына ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b> .				
<b>Бесінас</b>	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	«Не дәмді?» ертегісін қайталап айтып беру, мазмұнын түсіну дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға ырғақты би қимылдарын жасауға жұмылдыру. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b>  Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау үшін құыршақты күндіз ойнату – түнде ұқтату және тамақтандыру әрекеттерін жасату. <b>(Математика негіздері)</b>  Тесік күлшелерді жасау дағдыларын дамыту. <b>(Мүсіндеу)</b>	«Не дәмді?» ертегісін қайталап айтып беру, мазмұнын түсіну дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға ырғақты би қимылдарын жасауға жұмылдыру. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b>  Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау үшін құыршақты күндіз ойнату – түнде ұқтату және тамақтандыру әрекеттерін жасату. <b>(Математика негіздері)</b>  Тесік күлшелерді жасау дағдыларын дамыту. <b>(Мүсіндеу)</b>	Мысық пен күші дос бола аламын ойыншықтармен әрекеттерді жасатып сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау <b>(Математика негіздері)</b>	«Әженің нымшасын сәңдейміз» қағаздың бетіне дайын оюларды нымша етегіне жапсыруды үйрету. <b>(жапсыру)</b>  Өндер мен тақпақтар және билерді қайталау. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b>  Құрастыру материалдарынан көліктерге көпір құрастыруды жетілдіру. <b>(құрастыру)</b>  Еркін іс әрекеттер	Ата бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Фланелеграфта сүйікті ойын құралдарын жапсырту, ойыншықтарының суретін бояту <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b>  Еркін іс әрекеттер
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Амирланға адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндеуге үйрету; -қайшыны дұрыс ұстауға және пайдалануға үйрету	Нұр дәулетке заттар мен жануарлардың пішінін бейнелеп үйрету; -халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын	Аруназға бейнелеу өнерінің түрлері: көркем сурет, мүсіндеу, халық өнері туралы түсініктер беру	Амираға таныс емес музыкамен оның негізгі көңіл-күйін бере отырып, қимылдарды; әндерді, билерді сахналау	Ильяс пен Айшаға төрт бұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей алады

		игерту			
<b>Серуенгедайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Балаларға ойыншық көлік түрлерін алып еркін ойынауына мүмкіндік беру. Қ/о:Қоян мен қасқыр	Қ/О «Поезд» Кешкітабиғаттыңерекшеліктерінатауды үйрету.	Бігінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгікүнніңерекшесәтте ріжайындаәңгімелесу	Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау <b>(көркемәдебиет)</b>  Қ/О Құстардыңұшыпкелуі» Еркінойындар.
<b>Балалардыңүйгеқайтуы</b>	Баласыныңқысқы ойындар туралы не білетінін сұрау. Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну				

### Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

Ақпан айы 2024 жыл 4 апта

Күнт әртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.02.2024.	Сейсенбі 20.02.2024.	Сәрсенбі 21.02.2024.	Бейсенбі 22.02.2024.	Жұма 23.02.2024.
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке бүгінгі күн жайлы пікірін білдіруге тарту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Қысқы кезде ата аналарға қауіпсіздік шаралары мен ережелерді таныстыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру - үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарату, Құрастыру материалдарымен ойындарға жағдай жасау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауын ұйымдастыру. <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)</b> .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Қазір жылдың қай мезгілі? Қандай мереке келе жатыр? Жаңа жылға дайындықты адамдар қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<b>Қазақ тілі</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды:	<b>Денешынықтыру</b> <b>Жүру.</b> сапта бір- бірден, екеуден (жүппен) жүру; қол ұстасып, еденге қойылған заттардан	<b>Музыка</b> <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Би қимылдарын орындау	<b>Денешынықтыру</b> <b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы	<b>Денешынықтыру</b> <b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы

	сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу	аттап жүру (3-4жас) Негізгі қимылдар: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары(1,6-2ж)	сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.(3-4жас) Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптармен танысу(барабан) (1,5-2 жас)	қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) қырлы тақтайдың бойымен жүру.(3-4 жас) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары(1,6-2ж)	қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) қырлы тақтайдың бойымен жүру. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен жүру, жүгіру (1,6-2жас)
	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту үшін кол өнер бұйымдары (камшы, кілем, құрақ жастық, ) түрлерін сипаттау, ерекшелігін таныту, <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>	«Қыс» әнін айтқызу. Би қимылдарын жасату. Табиғи материалдарды және қағазды жырту әдісімен даладағы ағаштар үстіндегі қарларды жапсыруды үйрету <b>(сөйлеуді дамыту, музыка, құрастыру, жапсыру)</b>	Балалармен құыршақ театрынан көрген ертегі кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>  Қазақша оюларды бояп қоржын бетіне жапсырып сәндеу. дағдысын жетілдіру <b>(сурет салу)</b>  Құрастыру материалдарынан үлгі сыбаларға карточкаларға қарап көлік түрін құрастыруға көмектесу <b>(құрастыру)</b>	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны арқылы ас ішу құралдарымен сипап тану арқылы атуын ұйымдастыру «Үш аю» ертегісін кітаптан тамашалатып таныстыру <b>(көркем әдебиет)</b>  геометриялық фигуралар үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын орамалдарды ұстау және көру тәсілдері арқылы салыстырып жинату Карточкалардан үш бұрыш пен шаршының орнын табу ойынын ойнату. <b>(математика негіздері)</b>	«Жалқау мысық» ертегі желісін бұзбай айтуды мағанасын түсіндіруді үйрету, <b>(көркем әдебиет)</b>  Ермексаздан түрлі көлемдегі жемістерді жасату, санап салыстыру <b>(математика негіздері және мүсіндеу)</b>  Ыдыстар қоятын сөрелерді құрастырып оларға ыдыстарды орналастыру дағдысын дамыту <b>(құрастыру)</b>

<b>Серуенге дайындық</b>	Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	Ағаш түбіндегі сыйлық қораптарының айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Ондағы ойыншықтың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу, көру, есту арқылы танып қалыптастыру. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b>  Еркін ойындар <b>Қимылды ойын</b> «Тышқандар мен мысық.»  Ойындатуындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.	Аулада ауа райын бақылату. Қардың түйіршігін қағазбен ұстап, лупа арқылы пішінін көру. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b>  <b>Қимылды ойын</b> «Өз түсінді тап»  Қарда шенбер болып жүріп іздерімен шенберлер салу. <b>(сурет салу)</b>  Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»	Аспаандағы бұлыттардың жылжуын бақылату.  Аулада қоқысты жинау қар сыпыру әрекеттерін жасату  н түрлерімен және <b>(қоршаған ортамен танысу)</b>  Балалардың дербес әрекеттері  <b>Қимылды ойын</b> «Допты дәлдеп лақтыр»	Таза ауада құрастыру ойындары, қардан әр түрлі заттар құрастыру.. <b>(құрастыру)</b>  Аула сыпырушыға балабақша ауласын қардан тазартуда көмек беру. Кішкентай шелектерге қарды салып тасыту.  Балалардың дербес әрекеттері  <b>Қимылды ойын</b> «Торғайлар мен автомобиль»	Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b>  Еркін ойындар  <b>Қимылды ойын</b> «Қуыр-қуыр қуырмаш»
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды лүкөркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдірсү, мөлдірсүға қолыңды жу»				

	Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану, сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қыс мезгілі туралы ертегілер оқып беру ( <b>көркем әрекет</b> )				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктерберу. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).				
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердіңжұмысы( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқару және тағы басқаәрекеттер)</b>	Ұжымдық сурет . Әр түрлі пішіндегі қар түйіршіктерін терезе бетіне салу (сурет салу)  Таңдауы бойынша орман ішінде фланелеграфқа жабайы аңдарды орналастыру және жапсырту. ( <b>мүсіндеу, жапсыру</b> )  Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, әр түрлі құрылымдар құрастырту. ( <b>құрастыру</b> )	Тапсырманы орында ойының негізінде өзінңденемүшелерінбағдарлаужәнеосығанбайланысты өзінеқатыстыкеңістікбағыттарынанықтауды: үстінде-астында жанында меңгерту ( <b>Математика негіздері</b> )  Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру.	Желімдеудің техникасын меңгерту жіптегі түрлі түсті шарларды жапсыру дағдысын дамыту ( <b>Жапсыру</b> ) Жалаушаларды (үлкен, кіші) таяқшаларға сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту дағдысын дамыту ( <b>Математика негіздері</b> )  «Шырша» әнін тыңдату, балалардың таңдауы бойынша шырша ойыншығын мүсіндеу. ( <b>Мүсіндеу</b> )	«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін ұайталап айтып беру дағдыларын пысықтау. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )  Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. ( <b>сурет салу, мүсіндеу жапсыру</b> )	Кітаптардан суреттерді қарату. Суреттер арқылы зат атауы мен сипатын айтып беру дағдысын қалыптастыру. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> ) Балалардың таңдауы бойынша тағамдардың суретін салып, дайын тағам пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату ( <b>сурет салу, мүсіндеу, жапсыру</b> )
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Амираға көмектескені	Ильясқа күнделікті	Нүрдәулеткежүруде	Айшаны үлкендерді	Амирланға Арнайы

	үшін алғыс айтуға үйрету.	гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету.	тепе-теңдікті ішінара сақтауды үйрету	тыңдайды, түсінеді, ойын айтуға машықтандыру	қоғамдық көлік құралдарын ажыратуды үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	Табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату өсімдітерді бойларына қарай салыстыру( <b>математика негіздері</b> ) қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Кітаптан ертегі суреттерін қарату. <b>(көркем әдебиет)</b> Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері	Қ/о «Сақина жасыру». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше ойын сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беруата аналар сұраныстарын тыңдау.				

## ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ

Ақпан айы

I. Жүру, жанымен жүру, баяу жүгіру, әр түрлі бағытта жәй жүгіру, жүру, жартылай шеңбер болып тұру.

II. Бастапқы қалып аяқтың арасы ашық қол кеудеде, шынтақтан бүгілген 1-қолды алға созу, 2-жанына созу, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

III. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол белде: 1-солға иілу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 3-солға иілу,

4-бастапқы қалыпқа оралу 4-5 рет қайталау.

IV. Бастапқы қалып аяқты созып отыру, қол белде:

1-аяқты бүгіп, тізені құшақтау, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет қайталау

V. Аяқ ұшымен, айналып секіру 5-6 секунд, еркін тыныс алу жаттығулары

## **ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ**

### **Қоян мен қасқыр *(Тәрбиеші балалармен бірге)***

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

### **Тырналар-тырналар**

*(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)*

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

### **Тышқандар мен мысық.**

#### ***Балалар — тышқандар.***

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

### **Шыбыққа қалпақ кигізу**

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

### **Өз түсінді тап.**

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

### **Ақ доп, қызыл доп**

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

## **Поезд**

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жақындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірге-бірге баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

### **«Допты дәлдеп лақтыр»**

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға ( дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

### **«Күміс алу»**

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

### **«Не жедің, тауып айт»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

### **«Торғайлар мен автомобиль»**

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

## Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

### Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

### Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

-ортанғы саусағымды тапшы,- дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,- деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі.: басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр , қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар – деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

## Дидактикалық ойындар картотекасы

### «Өзара айырмашылығын тап»

1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.
  2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.
- Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.  
Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

### «Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жінішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.  
Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.  
Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жінішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

### «Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.  
Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.  
Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

### «Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.  
Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.  
Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

### «Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.  
Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.  
Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i> <i>26.02.2024.</i>	<i>Сейсенбі</i> <i>27.02.2024.</i>	<i>Сәрсенбі</i> <i>28.02.2024.</i>	<i>Бейсенбі</i> <i>29.02.2024.</i>	<i>Жұма</i> <i>01.03.2024</i>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
	<p><b>Ойын жаттығулар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> <p><b>"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p><b>(математика негіздері, құрастыру)</b></p>	<p><b>"Ою саламыз" саусақ жыттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)</p> <p>Оюдy саламыз:</p> <p>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)</p> <p>Дөңгелек, (Шеңбер</p>	<p><b>"Ол не?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету.</p> <p>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай</p>	<p><b>"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p><b>(танымдық дағдылар)</b></p>	<p><b>«Ата-аналарға қамқорлық жасау»</b></p> <p>Ойын мақсат-міндеттер: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- анаң ауырып қалды;</li> <li>- анаң жұмыстан</li> </ul>

		<p>салу)</p> <p>Ирек, (Толқындар жасау)</p> <p>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)</p> <p>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)</p> <p>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>жұмбақ айтады:</p> <p>Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы,</p> <p>Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты.</p> <p>Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей,</p> <p>Жиналғанда бір ойыншық сияқты.</p> <p>Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді.</p>		<p>шаршап келді;</p> <p>- анаңның көңіл-күйі жоқ;</p> <p>- анаңның шаруасы көп;</p> <p>- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды.</p> <p>Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.</p> <p><b>(әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)</b></p>
--	--	--	--	--	--

			<p>Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір-екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b></p>		
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p>				

	<p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Ойын жаттығуы:</p> <p>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,</p> <p>Мөлдір суға бетіңді жу.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қасықтарымыз біздің,</p>

	<p>Таңқалдырар барлығын!  Қасықтарым сиқырлы,  Тауысады тағамды.  Міне тағам, міне ас,  Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>«Көңіл-күйді анықтау»</b></p> <p>Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір-бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.</p> <p>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-бірінің қолдарыңнан ұстап,</p>	<p>Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>«Сыпайы өтініш»</b></p> <p>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды мейрімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзінді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.</p> <p><b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Армысыз, қайырымды Аспан ата!  Армысыз, мейрімді Жер - Ана!  Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн!</p> <p>Қуан, шаттан алақай!</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қайырлы таң балалар!</p>

	<p>әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысындар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.</p> <p>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.</p> <p><b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>				<p>Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар! <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Жалпыдамытушыжаттығулар. Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқанбойымен жүру; көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; бірінің артынан бірі сапқат ұру, бір-бірінің жанына сапқат ұру.</p>	<p><b>Музыка</b> Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсартуға жұмыс жасайды: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіреді</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Жалпыдамытушыжаттығулар. Негізгі қимылдар: Тоқтап, заттарды айналып жүру; тұрған бірорнында қосаяқпен секіру. Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қимылды ойын:</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Жалпыдамытушыжаттығулар. Негізгі қимылдар: жүру; белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; 2-Зметр қашықтыққа алғ ақарай жылжып секіру; бір-бірінің жанына сапқат ұру</p>

		Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп Спорттық жаттығулар:  Шанамен сырғанау. Биіке местөбеден сырғанау		Т ы р н а л а р – т ы р н а л а р	ру, шеңбергетұру (көзбен бағдарлау бойынша)  Қимылды ойын:  Поезд
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Серуен</b>	<p><b>Сүнгі мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерімен, оның әртүрлі күйлерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (жолдардағы мұз бен қарды тазарту).</p> <p>Мақсат-міндеттер: күректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс</b></p>	<p><b>Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін кеңейту, қардың қасиеттерін талдау, қарды бақылауды жалғастыру, қардың түсін (сұр, лас) қысқы түсімен салыстыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскеде қоқыс жинау). (<b>еңбек дағдылары</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу</p>	<p><b>Жинағыш көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: көліктердің еңбекті қажет ететін жұмыстарды орындаудағы рөлі, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; сипаттама бойынша көліктердің бейнесін табу қабілеттерін шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Жүргізушінің жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысымен, көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) (<b>еңбек дағдылары</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз", "Торғайлар және көлік".</b> (дене шынықтыру)</p>	<p><b>Балабақша алаңында құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: құстарды түстері, көлемі, дауысы арқылы тануға және ажыратуға үйрету; бақылау, есте сақтау қабілетін дамыту; құстарға деген достық қатынасты тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (құмсалғыштағы құмды қазып алу.)</p>

<p><b>ойындары: "Қыстайтын құстар". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде жаттығуға, бір қимылдан екінші қимылға ауыса білуге үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жол бойымен". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p>дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пойыз", "Маған қарай жүгіріңдер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> допты лақтыру және ұстау, ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p>	<p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауладағы құрғақ жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге салу). <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге деген құштарлықты ояту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім ең дәл?", "Ұстап ал". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ашық ойындарды ұйымдастырудағы дербестікті, ұқыптылықты, ептілікті, ережелерді сақтай білуді дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарды, тепе-теңдік сезімін жақсарту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу; жауапкершілікке үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға үйрету; педагогтің белгісі бойынша, кез-келген бағытта бір-біріне соқтығыспай жүгіру; түстерді ажырату.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, орыннан жоғары секіру. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, жылдамдықпен күш біріктіре отырып, дене бұлшық еттерінің күштерін шоғырландыру қабілетін дамыту.</p>
--	--	---	---	--

			<p><b>дамыту. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: жағалыққа жорғалап, жорғалай білу қабілетін бекіту.</p>	
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>			
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Ойын жаттығуы:</p> <p>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. <i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сикырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас,</p>			

	<p>Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
